

**6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған Садыкова Асем Кайратовнаның «Кәсіби
педагогикалық білім беру орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші
жартысы - 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының
мысалында)» атты диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Кез-келген мемлекет үшін білім саласы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, қоғамның сауаттылық деңгейі мемлекеттік саясаттың тиімді жүргізілуіне, қоғамның дамуына тікелей ықпал етеді. Диссертант қарастырып отырған патша үкіметі кезеңіндегі қазақ жерінде педагог кадрлар дайындау мәселесінің өзектілігі де осы мақсаттардан туындайды. Бұл бағыттағы биліктің ұстанымы отаршылдық сипатта болғанына қарамастан сол заманға сай білікті маман даярлауды мақсат етті.</p> <p>Қай кезде болсын кәсіби педагог дайындайтын оқу орындарының алдында тұратын негізгі мақсат – сол заманның талаптарына сай білімді де білікті, кәсіби деңгейі жоғары маман дайындау. Тәуелсіз Қазақстанда қазіргі уақытта заман талабына сай кәсіби біліктілігі жоғары, жаңартылған білім беру технологиясының әдіс-тәсілдерін, сонымен бірге сандық технологияларды меңгерген жаңа тұрпатты XXI ғасыр мұғалімін дайындау - педагогикалық оқу орындарының алдына тұрған күрделі мақсат болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім беру бағдарламасының мазмұны жаңартылып, білім беруде теория мен практика ұштастырыла жүргізілуде.</p> <p>Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Себебі зерттеу жұмысының мазмұнында көрініс тапқан мәселелер еліміздің білім саласында қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, 2019</p>

		<p>жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заңы сияқты бірқатар мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда баса көрсетілген. «Педагог мәртебесі туралы» Заңда қазіргі педагог мамандардың міндеттері нақты айқындалған. Онда «Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуі, өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу зияткерлігі мен шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі тиіс» екендігі айтылған.</p> <p>Диссертация тақырыбы «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен де үндес болып келеді. Бұл бағдарламада да жаһандану заманындағы ұлттық тәрбие мен білімнің өзектілігі басты мәселе ретінде көтерілген.</p> <p>Сондықтан А.К.Садықованың «Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғарыда аталған мәселелермен, сонымен бірге білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын көрсетеді.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>3) А.К.Садықованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D016-Тарих (6D011400 – Тарих) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдері мен тарих пәнінің мұғалімдерінің тарихи сауаттылығын дамытуға елеулі үлес қосады.</p> <p>XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі кәсіби бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған оқу орындарының тарихы мен педагогика тарихын зерттеу тұрғысынан алғанда маңызды.</p> <p><i>Бірінші нәтиже.</i> XIX ғасырдың II жартысы мен 1917 жылдар арасындағы Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының құрылу, қалыптасу тарихы архив, мерзімдік басылым деректері, ғылыми-педагогикалық әдебиеттер негізінде аймақтық, күнделікті тарих теориясы негізінде қарастырған.</p> <p><i>Екінші нәтиже.</i> Патша үкіметі тұсындағы Сырдария және Жетісу облыстарындағы бастауыш сынып оқу орындарына кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау жасалған;</p> <p><i>Үшінші нәтиже.</i> Сырдария және Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің өмірлік ерекшелігі талдауға алынып, өзіндік тұжырым жасалған;</p> <p><i>Төртінші нәтиже.</i> Ресей империясына бағынышты Сырдария және Жетісу облыстарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын оқу орындарындағы шәкірттердің ұлттық және діни құрамы, әлеуметтік тегі ғылыми тұрғыдан талдауға алынған;</p> <p><i>Бесінші нәтиже.</i> Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихының Ресей империясы кезеңі мен Қазан төңкерісінен кейінгі уақыттағы ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасалған;</p> <p><i>Алтыншы нәтиже.</i> XIX ғасырдың II жартысы - XX ғасырдың бас кезіндегі Сырдария, Жетісу облыстары бойынша ғылыми айналымға тартылған аймақтық архив деректеріне талдау жасалып, оның Түркістан аймағымен қоса Батыс Сібір, Орынбор оқу округтеріндегі педагогикалық білімнің қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми идеяларды байытуға ықпал</p>
----	---------------------	---	--

			<p>ететіндігі анықталған;</p> <p><i>Жетінші нәтиже.</i> XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихын оқытудың әдістемесі жасалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>А.К.Садықованың диссертациялық зерттеу жұмысы өзіндік дәйекті ғылыми тұжырымдамалары бар, дербес, өзекті, толық және аяқталған жұмыс болып табылады.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысын <i>өзі жазу деңгейі жоғары</i>. Ол диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерінен, сонымен қатар жарияланған ғылыми-әдістемелік мақалаларынан көрінеді. Нәтижесінде өзіндік ғылыми көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>4.1 Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай <i>негізделген</i>. Автор мәселенің тарихнамасы бойынша отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне жан-жақты теориялық талдаулар жасап, XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарында кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихы арнайы зерттелмегеніне көз жеткізген. Диссертант зерттеу жұмысының өзектілігін ғылыми мақалалар жариялап және практикалық-эксперимент жұмыстарын жүргізе отырып негіздеген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде <i>айқындайды</i>.</p> <p>Зерттеу жұмысының мазмұны нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, бергілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 4 тарау, 9 тақырыпшадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. <i>Диссертацияның мазмұны</i> зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша <i>диссертация тақырыбын айқындайды</i>.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>4.3 Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері <i>диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді</i>. Ол – зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.</p> <p>Диссертацияның <i>мақсаты</i>: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу мен Сырдария облыстарында құрылған кәсіби</p>

		<p>педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихын талдау.</p> <p><i>Міндеттері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясының ашылуы мен қалыптасу тарихын көрсету; - Мұғалімдер семинариясындағы жалпы білім беру мен педагог мамандарды дайындауды ұйымдастырудың қызметін көрсетіп, оның ішкі мазмұнын анықтау; - Мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстардағы шәкірттердің ұлттық, әлеуметтік, діни құрамын анықтау; - Мұғалімдер семинариясындағы, педагогикалық курстардағы оқу-тәрбие үрдісін көрсету; - Төңкеріске дейінгі және 1917 жылдан-1920 жылдар аралығындағы мұғалімдер семинариясының ішкі құрылымында жүрген өзгерістерді көрсету; - Сырдария, Жетісу облыстарындағы қалалық училищелер жанынан ашылған мұғалімдер курсына дағу кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихын көрсету; - Педагогикалық курстардағы мұғалімдер дайындаудың ерекшеліктерін талдау; - Сырдария, Жетісу облысындағы мұғалімдер съездерінің педагогикалық мамандардың біліктілігін көтерудегі ролін анықтау; - ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған мұғалімдер семинариясы, педагогикалық курстардың мазмұндық-құрылымдық моделін жасап, оны тәжірибеден өткізу. 	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы және қол жеткізілген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен және негізгі қорытындылардың қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі</p>		<p>4.5 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тарихи сауаттылығын дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық</p>

		<p>шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>болмысын моделдеу; тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық, және <i>сыни талдау арқылы</i> дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсат-міндеттері мен болжамына сәйкес әдіснамалық ұстанымдарды таңдау, өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы негізделген.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.1 Бүгінге дейін мұғалімдер семинариясына қатысты ғылыми мақалалар болғанымен, іргелі зерттеулер жүргізілмеген. Диссертант А.К.Садыкова кәсіби педагогикалық оқу орындарына арналған ғылыми материалдар мен архив деректерін пайдалана отырып, терең және толық зерттеулер жүргізген. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың шынайылық дәрежесі негізінен Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінің 89, 90, 127, 134 қорларының, Татарстан Республикасының мемлекеттік архивінің 93 және 968-қорларының деректеріне және Халық Ағарту министрлігі шешімдерінің жинағында педагогикалық оқу орындары туралы жарияланған анықтама, ереже, жарғы, нұсқаулықтарға қатысты деректерге, сонымен бірге «Журнал Министерство Народного Просвещения» (1834-1917), «Народный учитель» (1909-1919), «Туркестанские ведомости» (1870-1917), сияқты т.б. мерзімдік басылымдардың деректері, революцияға дейінгі авторлардың кітаптары арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижесінде автор теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p><i>1 - нәтиже.</i> XIX ғасырдың II жартысы мен 1917 жылдар арасындағы Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының құрылу, қалыптасу тарихының архив, мерзімдік басылым деректері, ғылыми-педагогикалық әдебиеттер негізінде аймақтық және күнделікті тарих теориясы негізінде қарастырылуы – нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екендігіне дәлел бола алады.</p> <p><i>2 - нәтиже.</i> Патша үкіметі тұсындағы</p>

		<p>Сырдария және Жетісу облыстарындағы бастауыш сынып оқу орындарында кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау жасалынуы - нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екендігін көрсетеді;</p> <p>3 - <i>нәтиже</i>. Сырдария және Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің өңірлік ерекшелігі талдауға алынып, өзіндік тұжырым жасалуы нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екендігін анықтайды;</p> <p>4 - <i>нәтиже</i>. Ресей империясына бағынышты Сырдария және Жетісу облыстарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін дайындайтын оқу орындарындағы шәкірттердің ұлттық және діни құрамы, әлеуметтік тегі ғылыми тұрғыдан талдауға алынып, баға берілуі - нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екенін көрсетеді;</p> <p>5 - <i>нәтиже</i>. Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихының Ресей империясы кезеңі мен Қазан төңкерісінен кейінгі уақыттағы ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасалуы - нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екенін көрсетеді;</p> <p>6 - <i>нәтиже</i>. XIX ғасырдың II жартысы - XX ғасырдың бас кезіндегі Сырдария, Жетісу облыстары бойынша алғаш ғылыми айналымға тартылған аймақтық архив деректеріне талдау жасалып, оның Түркістан аймағымен қоса Батыс Сібір, Орынбор оқу округтеріндегі педагогикалық білімнің қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми идеяларды байытуға ықпал ететіндігінің анықталуы - нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екендігін дәлелдейді;</p> <p>7 - <i>нәтиже</i>. XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихын оқытудың әдістемесінің алғаш рет жасалуы - нәтиженің <i>толығымен жаңа</i> екеніне дәлел бола алады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем</p>	<p>5.2 А.К.Садықованың диссертациялық жұмысының <i>қорытындылары</i> ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен <i>толығымен жаңа</i> болып саналады.</p> <p>Диссертация төменде көрсетілген төрт тараудан тұрады:</p> <p>1 XIX ғасырдың II жартысы – 1917</p>

		<p>жаңа болып табылады)</p>	<p>жылдардағы кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихына тарихнамалық және деректану тұрғысынан талдау; 2 Сырдария облысындағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орны; 3 Жетісу облысындағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орны; 4 «XIX ғасырдың II жартысы-XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстандағы бастауыш білім беретін оқу орындарына мамандар дайындау тарихы» мәселесін оқытудың эксперименталдық жұмысы.</p> <p><i>Диссертация қорытындыларының жаңа болуы:</i></p> <p>Бірінші тарау бойынша тарихнамалық және деректанулық талдау жасай отырып, мәселеге қатысты зерттеулердің басым бөлігі аталған тарихи уақыттарғы оқу орындарының мақсаты - орыстандыру саясатын жүзеге асыру екені туралы тұжырымның басым болғанын дәлелдеді.</p> <p>Екінші және үшінші тараулар бойынша оқу орындарының қалыптасуы, шәкірттердің әлеуметтік жағдайының ауырлығына, мұғалімдердің жетіспеушілігіне, оқу-тәрбие жұмысының отаршылдық сипатына қарамастан педагогикалық оқу орындарының маңызы зор болғандығын, жергілікті ұлт өкілдерінен танымал тұлғалардың өсіп шыққаны туралы тұжырымның деректерді ғылыми айналымға тарту нәтижесінде беки түсті.</p> <p>Төртінші тарау қорытындысының жаңалығы педагогикалық оқу орындарында тәжірибе жұмыстарының жүргізілуімен, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуімен дәлелденді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.3 Технологиялық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысында тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталды.</p> <p>Зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінде жалпы білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындарына ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертацияда келтірілген негізгі қорытындылардың негізділік деңгейі жоғары болып табылады. Оған зерттеу жұмысын жазу барысында 211 ғылыми әдебиеттер мен дерек көздеріне салыстырмалы талдау жасалғандығы, педагог дайындайтын ЖЖО-да, педагогикалық колледждерде оқу үдерісіне енгізу үшін эксперименталдық жұмыс материалдарының ұсынылуы дәлел бола алады.</p> <p>Сонымен бірге жарияланған барлық ғылыми мақалалары қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттарды қамтиды. Бұл – зерттеу жұмысының негізгі қорытындыларының ғылыми тұрғыдан алып қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделгенін</u> көрсетеді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға 8 қағидат ұсынылған. Қағидаттар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденген.</p> <p><i>Бірінші қағидат бойынша</i> Жетісу және Сырдария облыстарындағы революцияға дейінгі кәсіби бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындаған оқу орындарының мәселесі және олардың патша үкіметінің бақылауында болғандығы <u>дәлелденді</u>, <i>тривиалды емес</i>, алдағы уақытта қолдану деңгейі <i>кең</i>.</p> <p><i>Екінші қағидат бойынша</i> Сырдария және Жетісу облыстарында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесі <u>дәлелденді</u>, <i>тривиалды емес</i>, алдағы уақытта қолдану деңгейі <i>кең</i>.</p> <p><i>Үшінші қағидат бойынша</i> мұғалімдер семинариясындағы шәкірттердің әлеуметтік тегіне сараптама жасалып, қазақ балаларының саны басымырақ болғаны <u>дәлелденді</u>, <i>тривиалды емес</i>, алдағы уақытта қолдану деңгейі <i>кең</i>.</p> <p><i>Төртінші қағидат бойынша</i> мұғалімдер семинариясын бітірген шәкірттер XIX ғасырдың аяғында түземдік оқу орындарында мұғалім, уездегі интернаттарда бақылаушы қызметінде болса, XX ғасырдың бас кезеңінде мұғалімдер семинариясында, жәдиттік мектептерде қызмет жасағандығы <u>дәлелденді</u>, <i>тривиалды емес</i>, алдағы уақытта қолдану деңгейі <i>кең</i>.</p> <p><i>Бесінші қағидат бойынша</i> мұғалімдер семинариясында оқу-тәрбие жұмысын</p>

			<p>жүргізуде жекелеген пәндерді оқытуға рұқсат етілгенімен, негізінен Халық Ағарту министірлігі бекіткен оқулықтармен ғана оқыту міндеттелгені дәлелденді, тривиалды емес, алдағы уақытта қолдану деңгейі кең.</p> <p><i>Алтыншы қағидат бойынша</i> мұғалімдер дайындайтын семинарияда дін сабағына, діни-адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиеге басымдылық берілгендігі, шәкірттерді алғашқы медициналық көмек көрсетуге, ауа-райын бақылауға, бау-бақша ісін жүргізуге үйреткендігі дәлелденді, тривиалды емес, алдағы уақытта қолдану деңгейі кең.</p> <p><i>Жетінші қағидат бойынша</i> педагогикалық оқу орындарын жергілікті әкімшіліктің қатаң бақылауда ұстағандығы, әкімшіліктің оқу-тәрбие ісіне тікелей араласып, емтихандарға қатысып отырғандығы дәлелденді, тривиалды емес, алдағы уақытта қолдану деңгейі кең.</p> <p><i>Сегізінші қағидат бойынша</i> аталған кезеңдегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихын оқыту, болашақ мұғалімдерге педагогикалық оқу орындарының тарихын білуге, өткен тарихтың тәжірибиесінен үйренуге, кемшіл тұстарын ескеруге және үйренгендерін практикалық іс-әрекетте қолдануға мүмкіндік беретіндігі дәлелденді, тривиалды емес, алдағы уақытта қолдану деңгейі кең.</p> <p><i>Қағидаттардың дәлелденгені, тривиалды емес екендігі, жаңа, қолдану деңгейінің кең екендігі</i> диссертанттың 11 ғылыми мақаласында көрініс берген. Мақалалардың тізімі қолжазбаның 11-12 беттерінде берілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі</p>	<p>Автордың әдістемені таңдауы – негізделген, ол алынған нәтижелердің дұрыстығын анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижелер ғылыми негізделіп, жүйеленген. Нәтижелердің сенімділігі нақты-тарихилық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік, ретроспективтік зерттеу әдістерін қолдану арқылы расталады.</p> <p>Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер (тарихи және педагогикалық ғылыми-әдістемелік</p>

		<p>заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу);</p> <p>эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің салыстырмалы әдістерін қолдану.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихы мәселесін оқыту тәжірибелік-эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 1 мақала Scopus базасындағы басылымда, 10 мақала ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Қазақстанда және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланған.</p> <p>А.К.Садыкованың диссертациясындағы эксперименттік тәжірибе жұмысына Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінде «Бастауыш білім беру» мұғалімі мамандығының 94 студент қатысқан. Олардың 46 – бақылау тобы, ал 48 – эксперименттік топ.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәліметтер нақты және сенімді архив қорларына, мерзімдік басылым беттеріне және ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық зерттеуде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 211.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы бар. Атап айтқанда:</p> <p>1. Түркістан оқу округіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға бағытталған педагогикалық білім беретін оқу орындарын зерттеу нәтижелері Батыс Сібір, Орынбор оқу округіндегі мұғалімдер семинариялары мен мектепті зерттеуде</p>

			<p>салыстырмалы түрде талдауға негіз жасайды.</p> <p>2. Зерттеу материалдары педагогикалық жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде Ресей империясы кезеңіндегі оқу орындары тарихын, мұғалімдер семинариясы, педагогикалық оқу орындары тарихын, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихына қатысты таңдау компоненттеріндегі элективті пәндердің лекциялар курсы, оқулық, оқу құралдарын дайындауға негіз болады.</p> <p>3. Академиялық оқулықтарға мектеп оқулықтарындағы оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулер мен тұжырымдар жасауға да негіз болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихы мәселесін оқыту тарихымен сипатталады.</p> <p>Тарих педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «7M01601-Тарих» мамандығы бойынша магистратураның 2020-2021 оқу жылындағы білім беру бағдарламасының оқу жоспарына «Мұғалімдер семинариясы мен мектебіндегі күнделікті өмір (XIX ғ. II жартысы - XX ғ. басы)» пән ретінде енгізілген.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ЖОО-ның оқулықтарында, оқу құралдарында, мектеп оқулықтарына мұғалімдер семинариясының тарихы енгізілуі қажет; - Зерттеу жұмысы Түркістан оқу округіне бағынышты аймақтардағы кәсіби мұғалімдер дайындау тарихы қарастырылғанымен, Батыс Сібір, Орынбор оқу округіне қараған аймақтардағы кәсіби мұғалімдер дайындау мәселесі қазіргі кезге дейін зерттелінбеген мәселелер қатарында; - Педагогикалық ЖОО-да педагогикалық колледждерде мұғалімдер семинариясының тарихы элективті пән ретінде оқытылу қажет. <p>Ұсыныстар толығымен <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен</p>

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
--	--	----------------------------------	--

А.К.Садыкованың диссертациялық жұмысында айтарлықтай ғылыми нәтижелер мен жаңалықтарға қол жеткізілгенімен мынадай ескертулер мен ұсыныстарды атап өтуді орынды деп санаймын:

1. Диссертация қолжазбасының 9 бетіндегі Зерттеу жұмысының методологиялық негіздері бөлімінде: «Педагог мамандарды дайындау мәселесін өңірлік теорияға және күнделікті тарих теориясына негіздеу педагогикалық білім беру жүйесінің аймақтық ерекшеліктерін нақтылауға, қорытуға және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді айқындауға негіз жасады» деп көрсетілген. Бірақ, автор бұл мәселені ресми деректер және сол кезде орыс тілінде шығып тұрған басылымдар арқылы көрсеткен және негізінен эмпирикалық әдістер көбірек қолданылған. Сондықтан күнделіктілік тұрғысынан методологиялық негіздері толық ашылмаған деп санаймын. Түркістан өлкесінің білім беру жүйесінің аймақтық ерекшеліктерін күнделіктілік арқылы ашып көрсету үшін мәселеге жергілікті халықтың өз ішінен үнілу керек еді.

2. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ жерінде ағартушылық идеялары кеңінен таралып, халықтың оқу-білімге құштарлығы артты. Соған қарамастан осы кездегі кәсіби педагогтар даярлайтын оқу орындарында жергілікті ұлт өкілдерінің саны өте аз болды. Бұл туралы зерттеу жұмысында айтылады. Бірақ оның себебін, тағы да, ресми деректердің, орыс тілді басылымдардың ақпараттары арқылы біржақты көрсеткен. Менің ойымша, бұл мәселелердің жауабын жоғарыда аталған деректермен қоса, қазақ қоғамының ішінен іздеп, XX ғасырдың басында шығып тұрған, «Қазақ», «Дала уалаятының газеті», «Айқап» сияқты қазақ халқының төл басылымдары арқылы да көрсете білгенде, зерттеу жұмысының мазмұны тереңдей түскен болар еді.

Алайда, айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді.

Зерттеу жұмысы XIX ғасырдың II жартысы мен 1917 жылдар аралығындағы Жетісу және Сырдария облыстарындағы кәсіби педагогикалық білім берген оқу орындарының тарихын зерттеуге арналған. Жұмыс дербес орындалған және аяқталған зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмысты жазу барысында ізденуші өзінің алдына қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізе алған. Қол жеткізген ғылыми жаңалықтары отандық тарих ғылымына қосылған үлес болып табылады.

Шешім: Садыкова Асем Қайратовнаның «Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы - 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында)» тақырыбындағы 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарын қанағаттандырады. Сондықтан Садыкова Асем Қайратовна 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент, PhD, Қазақ ұлттық
Қыздар педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессоры М.А.

Қолы
Л. А. Бисембаева
Растанаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

